

**\*Соңғы қоңырау**



Суретті түсірген Ержан Аманжол

## ҚАНАТЫҢ ТАЛМАСЫН, жас тұлғек!

ОБЛЫСТА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, БАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ МЕРЕКЕСІ ӨТТІ. БИЫЛ ОБЛЫСТАҒЫ 235 ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА 154 МЫҢҒА ЖУЫҚ ОҚУШЫ БІЛІМ АЛДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ 79 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ, 4 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ ОРЫС ТІЛІНДЕ, АЛ 56 МЫҢНАН АСТАМ АРАЛАС ТІЛДЕ БІЛІМ АЛУДА. ОҚУ ЖЫЛЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ КЕЗЕҢІНДЕ ОБЛЫС БОЙЫНША 9-СЫНЫПТЫ 13 906 ОҚУШЫ, 11-СЫНЫПТЫ 8 042 ТҮЛЕК ТӨМАМДАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР 252 ОҚУШЫ «АЛТЫН БЕЛГІГЕ», 445 ОҚУШЫ «ҮЗДІК АТТЕСТАТҚА» ҮМІПКЕР АТАНЫП ОТЫР.

(Толығырақ 6-бетте)

### 12 ФЕСТИВАЛЬ

#### Ұлттық өнер. Мәдени мұра.



### Қымбатты жерлестер, қадірлі ата-аналар, өлкеміздің өрендері!



Баршаңызды 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бала – елдің болашағы мен үміті. Мемлекет басымысы Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және дамуына жағдай жасау мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті екенін айрықша атап көрсетіп, сапалы білім мен саналы тәрбиені осы бағыттың қос тұғыры ретінде бекітті. Ал «Қазақстан балалары», «Ұлттық қор – балаларға», «Келешек мектептері» сияқты бастамалар – балалар арқылы мемлекеттің ертеңіне салынған инвестиция.

Бүгінде балалардың жан-жақты дамуына тең мүмкіндік ұсынылған және ол мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып қала береді.

«Бала – бауыр етің» дейді қазақ. Ертеңің ұрпағымен ұштастыра білген еліміздің келешегі кемел, ұл-қыздары еңселі болсын. Жас атыраулықтарға бақытты балалық, жарқын болашақ тілеймін!

Серік ШӘПКЕНОВ,  
Атырау облысының әкімі


### 13 ҚОҒАМ

#### Қарыздан қарызға дейінгі өмір



### 8 БІЛІМ

#### Сенімге селкеу түспесін



**\*Қаржы-қаражат**

## Аманатқа қиянат жүрмейді



МЕМЛЕКЕТТЕН БӨЛІНГЕН ӘРБІР ТЕҢГЕНІҢ СҰРАУЫ БАР. ОНЫҢ ҚАЙДА ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ЖҰМСАЛАТЫНЫ ӘРҚАШАН ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА. ЖАҚЫНДА ӨНІРДЕ ҚАЗЫНА ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖҰМСАЛУЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН АУДИТ НӘТИЖЕСІНДЕ МИЛЛИАРДАҒАН ТЕҢГЕНІҢ ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ.

(Толығырақ 16-бетте)

**\*Білім**

## Ұстаз еңбегінің жемісі

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАДА ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ БАС ЖҮЛДЕНІ ИЕЛЕНГЕН АТЫРАУЛЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫ ЖҰРТШЫЛЫҚ АТЫРАУ ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫНДА САЛТАНАТТЫ ЖАҒДАЙДА КҮТІП АЛДЫ. ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАРСЫ АЛУ ШАРАСЫНА АТА-АНАЛАР, ҰСТАЗДАР, БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Республикалық білім додасында өңір намысын қорғаған оқушылар жоғары нәтиже көрсетіп, 4 алтын, 8 күміс және 5 қола медаль жеңіп алған болатын. Шара барысында жеңімпаздарға құрмет көрсетіліп, олардың жетістігі – Атырау облысының білім саласындағы үлкен табыс екені атап өтілді. Ұстаздар мен ата-аналар жас дарындарға ізгі тілектерін білдіріп, алдағы халықаралық білім бәйгелерінде де биік белестерді бағындыруына сенім білдірді.

Республикалық олимпиадада I орын иеленген оқушылар қатарында №1, №2 «Білім-инновация» лицей-интернаттарының оқушылары Шамаров Амир, Жанкелді Артур, Кенжебай Дінмұхаммед және Құрманғазы ауданы Ф.Оңғарсынова атындағы жалпы орта мектептің оқушысы Мұзафар Айзере бар.

Атыраулық оқушылардың бұл жетістігі – жүйелі білім мен ұстаздардың тынымсыз еңбегінің жемісі.

Бек АЙДАРӘЛИ

**\*31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні**

## ТӘЛКЕККЕ ТҮСКЕН тағдыр

XX ҒАСЫРДЫҢ 30–40–50-ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БАСТАН ӨТКЕРГЕН НӨУБЕТ – АШАРШЫЛЫҚ ПЕН САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ АУЫР ҚАСІРЕТТІ КЕЗЕҢДЕРДІҢ БІРІ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. БҰЛ ЗҰЛМАТ ТҰТАС ҰЛТЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫН ТЕЖЕГЕН ТАРИХИ ТРАГЕДИЯҒА АЙНАЛДЫ. ДЕМОГРАФ МАМАҢДАРДЫҢ ПАЙЫМЫНША, «ЕГЕР ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН АШАРШЫЛЫҚ ПЕН ҚУҒЫН-СҮРГІН САЯСАТЫ БОЛМАҒАНДА, БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 50 МИЛЛИОННАН АСЫП ЖЫҒЫЛАР ЕДІ» ДЕГЕН БОЛЖАМДАР АЙТЫЛАДЫ.

(Толығырақ 9-бетте)

